

ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ЖӨНІНДЕ
ЕСЕП

тақырыбы: «Жаздық бидай егістіктерінде біріктірілген қорғау жүйесі»

бағыты: Дәнді, майлы және жемшөп дақылдар

Өткізу күні: 7 – 13 шілде 2025 жыл

Кеңес өткізу орны: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Караменде би а/о

«Нұршат» ШҚ басшысы _____ Мунайтбасов Е.Е.



Эксперт: _____ PhD, Койгельдина А.Е.

(қолы)

«Ж. Жиенбаев атында
ҚазӨҚЖК ҒЗИ» ЖШС
Басқарма торағасы



_____ Дуйсембеков Б.А.

Есеп құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселелер;

2025 жылдың 7–13 шілде аралығында жаздық бидай егістіктерінде біріктірілген қорғау жүйесі бойынша кеңес берілді. Жаздық бидай - Қазақстанның солтүстік аймақтарында негізгі стратегиялық дақылдардың бірі. Оның өнімділігі ауа райы факторларымен қатар аурулар (сары тат, септориоз, тамыр шірігі), зиянкестер (астық бітесі, астық қоңызы), арамшөптер (итқонак, шырмауық, дала қара сұлысы) сияқты зиянды организмдердің әсеріне қатты тәуелді. Кеңес беруді қажет ететін негізгі мәселелер: егістікте зиянкестер мен ауруларға жүйелі мониторинг жүргізілмеуі, аурулармен кеш күрес, әсіресе сары тат алғашқы белгілерінің уақытылы анықталмауы, тұқымның фунгицидпен толық өңделмеуі, бұл тамыр шірігі және фузариоздың дамуына жағдай жасайды, арамшөптердің жоғары жиілігі және гербицидтердің уақытылы қолданылмауы.

2) қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары;

Жаздық бидайға арналған біріктірілген қорғау жүйесі (БҚЖ) аурулар, зиянкестер және арамшөптермен тиімді күресу үшін көпжақты шараларды қамтиды. Кеңес барысында толық ұсыныстар берілді. Ауруларға қарсы күрес Сары татқа (*Rhizinia striiformis*) масақтану сүттену кезеңінде Колосаль Про к.м.э. фазасы алғашқы белгілері анықталған сәтте қолдану керек 0,3-0,4 л/га. Септориоз вегетация бойы байқалады, ылғалды ауа райында қарқынды дамиды. Скор — 0,2–0,3 л/га және де тамыр шірігіне қарсы тұқымды фунгицидпен өңдеу міндетті Максим Стар 25,3 к.с. - 1,0-1,5 л/т, фитолавин — 1,0 л/т. Бұл әдіс тамыр жүйесін қорғайды, қалың әрі біркелкі өскін алуға мүмкіндік береді. Зиянкестерге қарсы күресу үшін Имидоклоприд, Ламбда-цигалотрин 0,15–0,3 л/га. Мониторинг аптасына 1 рет жүргізіліп отыру керек. Сонымен қатар, ауыспалы егісті сақтау (бидайды бір жерге 2–3 жылдан жиі қайтармау). Топырақты дұрыс дайындау — органикалық заттарды енгізу, аэрацияны жақсарту. Жаздық бидайда біріктірілген қорғау жүйесін қолдану — экологиялық қауіпсіздік пен экономикалық тиімділіктің теңгерімі. Бұл жүйе зиянкестер мен аурулардың дамуын алдын ала ескеруге, химиялық жүктемені төмендетуге және жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік болады.

3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;

Біріктірілген қорғау жүйесін толық және үздіксіз енгізу барысында төмендегі нақты экономикалық және агрономиялық нәтижелер алынды.

Өнімділік 20–30% артты. Аурулардан зақымдану деңгейі 35–45% төмендеді. Тұқым сапасы жақсарып, өскін шығуы 8–12% жоғарылады. Дән сапасының көрсеткіштері (ақуыз, клейковинасы) 5–10% жақсарды. Бұл нәтижелер жаздық бидай өндірісінің тұрақтылығын арттырып, шаруашылықтың экономикалық тиімділігін күшейтеді.



